


# **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

**ТАҚЫРЫБЫ: “ОҚЫТУДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ҮДЕРІСІНДЕ  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУ”**

*Орындаған: Педагогика және психология  
мамандығының 4 курс студенті: Мәжитова.А.А*

The bottom of the page features a decorative graphic consisting of several overlapping, wavy lines in shades of light blue, dark blue, and grey, creating a modern, abstract background.

# **ЗЕРРТЕУ ӨЗЕКТІЛІГІ:**

***-ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ  
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР  
ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ЖАҢАША  
КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРАУДЫ ТАЛАП ЕТІП ОТЫР.***

**ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ** – АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІН АНЫҚТАУ.

**ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ** - БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІ. ЗЕРТТЕУ ПӘНІ: ОҚЫТУДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУ.

**ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ:**

- ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ МӘНІН АНЫҚТАУ;
- ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУ;
- ОҚЫТУДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КРИТЕРИЙЛАРЫ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ;
- ГЛОБАЛЬДЫ «ИНТЕРНЕТ» ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-ЗЕРТТЕУ ОРТАСЫН ЖАСАУДЫ АНЫҚТАУ.

**Зерттеудің әдістемелік негізі:** көрсетілген мәселенің теориялық жағы И.В.Апатова, В.С. Гершунский, В.А. Кальней, А.П.Ершов, А.А.Кузнецов, В.М.Монахов, И.В.Роберт, Н.Ф.Талызина және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

**Зерттеудің теориялық негіздері:** оқу-тәрбие үдерісінің теориялық негіздері, педагогикалық технологиялар теориясы, оқу-тәрбие үдерісінің мәні мен оны ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық шарттар; оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандыруға қарай ұйымдастырудың тұжырымдамалық негіздері.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу проблемасы бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау, педагогикалық басылымдар мен нормативтік-құқықтық құжаттарды талдап, шолу жасау, озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу, жинақтау, салыстырмалы талдау, әңгіме, сұрақ-сауалнамалар мен тестілеу, мониторинг жүргізу, интервью, тренингтер, педагогикалық эксперимент, математикалық статистикалық әдістер.

# *ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ*

□ Кіріспе

□ Екі тарау

□ Қорытынды

□ Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

**Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ЖАКТ) жағдайындағы оқыту процесі жеке тұлға теориясына сүйенеді, өйткені кез келген оқыту әрбір жеке тұлғаға бағытталған. Оқытудың ақпараттандыру процесін тереңінен түсіну үшін бірлескен іс-әрекет маңызын түсінуіміз керек. **Іс-әрекет дегеніміз** – адамның белсенділігін белгілі мақсатқа, оның мұқтаждығын шешуге байланысты бағыттау. Әрбір жақсы ұйымдастырылған іс-әрекеттің өзіндік құрылымдық компоненттері бар. Олар: **мақсаты, мазмұны, тәсілдері, нәтижесі**. Яғни, оқыту процесінің 4 компоненті – **мотивациялы-мақсаттық, мазмұндық, операциялы-қызметтік және бағалы-нәтижелік** болып табылады.**

**ЖАКТ жағдайындағы жалпы оқыту процесінің функциялары ретінде оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық, болжамдау анықталды.**

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КЕҢІНЕН ТАРАУЫН ЗАҢДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАҒАН ЖӨН БОЛАР. ЖАЛПЫ «ЗАҢДЫЛЫҚ» ПЕДАГОГИКАДА ЕКІ МАҒЫНАДА ҚОЛДАНУДА:**

*- жағдайдың қиындығына қарай болжамдық сипат алатын заң тенденция ретінде*

*- терең танылмаған нақты анықтамасы жоқ заң ретінде.*

# Қазіргі уақытта компьютерлік технологияны пайдалануда оқытудың үш буынын айтуға болады .

*компьютерді қолдану -  
оқу материалдарын  
ұсынудың және оқу  
үрдісін  
ұйымдастырудың  
кейбір элементтерін  
ғана өзгертіп,  
дәстүрлі оқыту  
үрдісінің жүйесіне  
нұқсан келтірмей  
оқытуды  
ұйымдастыру*

*жаттықтырушы  
және бақылаушы,  
модельдеуші  
бағдарламаларды  
қолдануға және  
объектілерге,  
жүйелерге белсенді  
түрде зерттеулер  
жүргізуге мүмкіндік  
туғызатын жүйе  
құрылды.*

*Бұл кезең  
оқулықтардың жаңа  
типімен және  
мәліметтер базасы  
кіретін компьютерлік  
жобалау, модельдеу,  
құру контексіндегі  
қоршаған ортаны  
тануға арналған  
инструментальды  
аспаптар кіретін  
арнайы оқу  
компьютерлік ортамен  
сүйемелденеді.*



**И.В.Роберттің көзқарасы бойынша,** дидактикалық принциптердің позициясын жүзеге асырған жағдайда компьютерді оқу құралы ретінде қолдануға болатынын дәлелдейтін мынадай ең маңызды әдістемелік мақсаттарды бөліп қарастыруға болады:

- оқу үрдісін даралау және саралау;
- оқу ісіндегі нәтижелердің диагностикасымен және базасымен кері байланысты іске асыру;
- өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзетуді жүзеге асыру;
- жаттықтыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету және соның көмегімен оқушылардың өзін өзі дайындауын жүзеге асыру;
- меңгеру сапасына зиян келтірмей сандық талдаумен байланысты көп еңбек сіңіруді керек ететін жұмыстар мен іс әрекеттерді ЭЕМ де орындау есебінен оқу уақытын үнемдеу;
- оқылып жатқан процестерді визуальдау, оқылып жатқан процестердің динамикасын көрнекілеп көрсету, әлемдегі жасырын процестерді көрнекі түрде көрсету, олардың дамуын уақыт және кеңістік қимылы тұрғысынан бақылау, зерттеліп жатқан заңдылықтарды графикалық интерпритациялау;
- оқылып немесе зерттеліп жатқан процестерді ақиқат-модель немесе керісінше құбылыстарын модельдеу немесе имитациялау;
- нақтылы тәжірибені құрал-саймандар жинағымен компьютерлік бағдарламада имитациялау жағдайында лабораториялық жұмыстар жүргізу;

*Біздің пікірімізше, қазіргі кезде мектептің оқыту практикасында бағдарламалық құралдардың мынадай типтері қолданылуы қажет:*

- 1. Белгілі бір оқу материалын қажетті дәрежеде меңгеруді қамтамасыз ететін және сол оқыту бағдарламасының жұмыс жұмсау барысында “кері байланыс” арқылы меңгеру дәрежесін анықтайтын, сонымен қатар, меңгерілген материалдарға байланысты іскерліктер мен дағдылардың бағдарламалары.**
- 2. Оқу іс әрекеттерінде іскерлікті, дағдыны қалыптастыруға және өз бетімен жұмыс жасауға үйретуші – бағдарламалар. Әдетте олар өткенді қайталауға немесе бекітуге арналған және мазмұнында жаңа оқу материалдары жоқ оқыту бағдарламалары.**
- 3. Оқу материалдарының меңгеру дәрежесін тексеруге арналған бағдарламалар.**
- 4. Қолданушыға керекті ақпараттық материалды тауып беретін ақпараттың бағдарлама анықтамалары мен жүйелері.**
- 5. Ақиқаттың өмірдегі белгілі бір құбылыстар мен заңдылықтардың негізгі құрылымдық немесе функционалдық сипаттамаларын зерттейтін имитациялық бағдарламалар.**
- 6. Объектілердің, процестердің құбылыстарын немесе ақиқаттың кейбір жағдайлары мен негізгі элементтерін модельдейтін бағдарламалар.**
- 7. Оқу материалдарын көрнекілеп көрсетуге, зерттелуші құбылыстардың процестердің заңдылықтарын, объектілердің ара қатынасын визуальдауға арналған демонстрациялық бағдарламалар.**
- 8. Шешім қабылдау немесе қимыл стратегиясын жаттықтыру мақсатымен оқу жағдайына “ойындар” арқылы көрсетіп, ойлаудың логикалық мағынасын дамытуға ақпаратты жүйеге келтіруге үйрететін ойын бағдарламалары.**
- 9. Есте сақтау қабілетін дамыту мақсатындағы оқушылардың сыныптан, мектептен тыс жұмыстардағы іс әрекеттерін ұйымдастыруға арналған қол боста пайдалануға арналған бағдарламалар**

*Біздің зерттеу жұмысымыздың маңызды мәселелерінің бірі – қазіргі кезеңде оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны белсенді енгізу жағдайында оқушылардың зерттеу қызметінің моделін жасау.*

*Осыған байланысты, біз жасаған моделдің мәнін ашу үшін, модель мәселесіне кеңінен тоқталу маңызды деп ойлаймыз.*

*Модель әдістемесі танымның көрінісі мен танымның объектісін саналы талдаудың кеңінен танылған түрі болып табылады. Өзінің мәні жағынан модельдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық ұғымдардың негізінде шыққан, өйткені математика ұғымында абстракциялау деген бір заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлуді түсінеді, ал мұндай қасиет біздің зерттеуімізде маңызды болып табылады.*

*«Модель» ұғымы қазіргі ғылым саласында әртүрлі мағынада қолданылады.*

*Жалпы мағынада «модель» дегеніміз объектінің арнайы жасалған формасының, шынайы объектінің сипаттамасын өңдеп шығаруы.*

*Логикалық сөздікте «модель» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «модель» объектінің қолдан жасалған нұсқасы, логикалық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар т.б.*

*Модельдеу болжам құру тәсілі ретінде және оқыту процесіндегі білім жүйесін талдаудың құралы ретінде зерттеудің 2 бағытын қамтиды:*

жаңа мәселелер  
негізінде пайда  
болып және  
шешіліп жататын  
білім алу жүйесінің  
қазіргі жағдайын  
бағалау

білім жүйесінің  
жаңа  
мәселелерін  
анықтау.

Шетел және Ресейлік тәжірибелердің көрсетуі бойынша, оқу компьютерлік технологияларын дұрыс қолданған кезде көп артықшылықтарды қамтамасыз етеді, олардың ішіндегі ең маңыздылары деп мыналарды айтуға болады:

- оқу үрдісін (материалдың мазмұны және оны меңгерудің көлемі мен жылдамдығы бойынша) іс жүзіне дараландыру;
- оқу ақпаратын меңгеру кезінде оқушылардың белсенділігін арттыру, ол үшін олармен интерактивті тәртіпте дара жұмыс істеу керек;
- оқу уақытын қолдану тиімділігін жоғарылату (іскерлік пен дағдының қалыптасу жылдамдығы және олардың артықшылығы тұрғысынан);
- оқушы жұмысының комфортты психологиялық жағдайы, білімді тексерудің жүйелілігі және жаппайлығы, бағаның әділдігі арқылы жасалған оқудың жағымды мотивациясы;
- оқу үрдісін ізгілендіру (оның әр түрлі жақтарын адамның психофизиологиялық ерекшеліктерімен жақсылап сәйкестендіру мағынасында);
- мұғалімнің жұмыс сипатын өзгерту, жекелеп айтқанда, оның іс-әрекеттеріндегі ескішілікке негізделгендерін қысқарту, ал шығармашылық құрастырушыларды күшейту;
- оқушылар туралы мәліметтерді пайдалану салыстыру нәтижесінде тәрбие жұмыстарының (немесе тәрбиелік әрекеттердің) сәйкестігі (үйлесімділігі).

*Компьютердің көмегімен оқытудың мынадай жақсы жақтарын атап өтуге болады:*

- компьютерді пайдалану сабаққа деген қызығушылықты арттырады
- компьютерге арнап оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдау ерекшелігіне байланысты әр оқушы үшін жеке бағдарлама құрып, оқушылармен дербес жұмыс жасауды күшейтеді;
- компьютер арқылы сөйлеу қабілеті дамымаған, нашар еститін т. с.с. кемшіліктері бар балаларды оқытудың тиімділігі артады;
- компьютер оқушыға материалдың қай тұсына баса назар аудару керек екенін көрсетіп, көмектесіп отырады, оны асықтырмайды, оқушы компьютер алдында қысылып ұялмайды. Сондықтан білмеген нәрсесін машинадан қайталап сұрап алады;
- компьютерді сабаққа пайдалану оған жұмсалатын уақытты үнемдейді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайындағы оқыту процесі жеке тұлға теориясына сүйенеді, өйткені кез-келген оқыту әрбір жеке тұлғаға бағытталған. Осыдан келе зерттеу қызметінің дамуын қарастыруда оқушының ерекшеліктерін білу маңызды. Әрбір жеке тұлға өзінің қоршаған ортаға деген жеке көзқарасымен және өзіндік моральдық талаптарымен, белсенділіктің әртүрлі сатысымен және сонымен қатар басқа көптеген маңызды қасиеттерімен сипатталады.

ЖАКТ жағдайындағы оқу процесі – электронды оқулықтар мен Интернет-технологиясын кеңінен қолдана отырып, білімді, іскерлікті және машықтықты меңгеретін күрделі процесс, ол оқушының ой-өрісін, жігерін, күш-қайратын қажет етеді және олардың дамуына жағдай жасайды.

Білім беру мазмұны оқу әдебиеттерінде (оқулықтар, электронды оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар мен зерттемелер және т.б.) ашып көрсетеді. Оқыту нәтижесі оқу әдебиетінің сапасына тікелей байланысты.

Қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мне практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту процесі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңаланған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Яғни, теория мен практиканың интеграциясы мүлдем жақындағандай.